

НАМ НУЖЕН ЦЕЛОСТНЫЙ ПЛАН РАЗВИТИЯ МОРСКОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ, ОТДЕЛЬНАЯ РОЛЬ В КОТОРОМ ДОЛЖНА БЫТЬ ОТВЕДЕНА ПОРТУ КУРЫК. ЕМУ ПРЕДСТОИТ СТАТЬ ПОЛНОЦЕННЫМ ЛОГИСТИЧЕСКИМ КЛАСТЕРОМ, ТАКИМ КАК АКТАУ. НЕ МЕНЕЕ ВАЖЕН МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОРИДОР СЕВЕР – ЮГ, ОТКРЫВАЮЩИЙ НАШЕЙ СТРАНЕ ВЫХОД НА ПОРТЫ ПЕРСИДСКОГО ЗАЛИВА. ПРЕДСТОИТ ПОЭТАПНО УДВОИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ЧАСТИ ДАННОГО МАРШРУТА.

Касым-Жомарт ТОКАЕВ,
Президент Республики Казахстан



№75 (2892)
08/09/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ОБНОВЛЕНИЕ ПО ПЛАНУ

Свыше 800 километров железнодорожного полотна обновлено АО «НК «ҚТЖ» в этом году.

Любовь РОВБА,
Астана

С начала путеремонтной кампании отремонтировано 73% железных дорог от годового плана. При этом капитальный ремонт выполнен на

более чем 400 километрах пути, усиленным ремонтом охвачено свыше 90 километров.

Заменено более 430 стрелочных переводов и выполнены работы по сплошной смене рельсовых опор на порядка 70 километрах.

– В путевом хозяйстве ҚТЖ для усиления ремонтных работ железнодорожной магистрали эксплуатируется более 730 единиц специального подвижного состава, – сообщил главный менеджер департамента пути и сооружений

АО «НК «ҚТЖ» Ербол Саулебеков. – Применение высокопроизводительных путевых машин сокращает время ремонтно-путевых работ, повышает технический уровень и обеспечивает надежность пути.

С помощью щетноочистительных машин RM-80 и RM-2002 железнодорожниками очищен загрязненный балласт на 243 километрах. С применением техники Ulimat MF и ВПРС выполнены выправочно-подбивочные работы на 1 105 стрелочных переводах и порядка 315 километрах пути. Высокопроизводительными машинами Duomatic 09-32 произведены работы по выправке 1 875 километров железнодорожного полотна. Путерихтовочными машинами системы Балашенко проведена рихтовка 500 километров. Для улучшения плавности хода специальными поездами Atlas отшлифовано 1 840 километров.

К настоящему моменту в ряде отделений магистральной сети продолжаются работы по капитальному и среднему усиленному ремонту пути, смене инвентарных рельсов на длиномерные рельсовые плети, выгрузке щебеночного балласта до нормы, выправочные, подбивочные и отделочные работы. В целом за время путеремонтной кампании в этом году будет обновлено более 1 100 километров железнодорожного полотна.

– Плановая работа по ремонту пути направлена на обеспечение безопасности железнодорожных перевозок, – отметил Ербол Саулебеков.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖҮК АҒЫНЫН ӨСІРУГЕ МҮДДЕЛІ



Үстіміздегі жылдың 5 қыркүйегінде Астанада «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Үрімші темір жолы» ЖШҚ басшылығының кездесуі өтті. Тараптар жүк тасымалы және теміржол инфрақұрылымын дамыту саласындағы өзара іс-қимылдың өзекті мәселелерін талқылады.

Жыныда Қазақстан – Қытай мемлекеттері арасындағы теміржол көлігімен жүк тасымалдаудың оң динамикасы атап өтілді. 2022 жылы рекордтық нәтижеге – 23,2 млн тоннаға қол жеткізілді. Ағымдағы жылдың 8 айында жүктерді тасымалдау көлемі 18,7 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 22% артық.

Өсіп келе жатқан жүк ағынын қамтамасыз ету үшін екі елдің теміржолшылары инфрақұрылымның өткізу қабілетін арттыру жобаларын іске асыруда. ҚТЖ Достық – Мойынты учаскесінде екінші желіні белсенді салуда. Жоспарда Бақты – Таченнің үшінші шекаралық өткелін және Бақты – Аягөз, Дарбаза – Мақтаарал, Алматының айналма жолының жаңа теміржол желілерін салу бар. Қытай тарапы болса, Алашанькоу станциясы мен Алашанькоу – Цзинхэ учаскесін қайта жаңартуда. Кеңеске қатысушылар екі елдің көлік инфрақұрылымын синхронды дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Ислам ТАЛҒАТ

ЛЕТНИЙ ОТДЫХ УДАЛСЯ!



Очень активно в этом году отдохнули в детских оздоровительных лагерях Казахстана дети из семей железнодорожников. Всего за лето 2023 года оздоровительной кампанией было охвачено свыше шести тысяч детей работников АО «НК «ҚТЖ» и его дочерних организаций.

АО «НК «ҚТЖ» считает важным заботиться о будущем поколении, вклад которого может быть значительным для развития компании, отрасли и страны в целом. Компанией для детей были организованы заезды в оздоровительные лагеря в Алматы, Актобе, Костане, Туркестане, Боровом, Зеренде и других регионах.

Путевки дети получили в рамках Коллективного договора, подписанного между работодателем и трудовым коллективом. Родители оплачивали только 10% от стоимости.

Перевозку детей осуществляло АО «Пассажирские перевозки». По словам родителей, они очень довольны как перевозкой детей, так и их полноценным отдыхом. Дети отлично провели время на свежем воздухе, участвовали в развлекательных, познавательных, спортивных мероприятиях, набрались новых сил и обрели очень много новых друзей.

В лагерях для маленьких гостей были созданы комфортные бытовые условия для полноценного отдыха школьников, предусмотрено пятиразовое сбалансированное питание с обязательным дневным включением в рацион фруктов, овощей, соков и свежей выпечки.

Асель ШАЙХЫНОВА, Астана



Серік ЕРБӨЛЕКОВ,
«Әскерлендірілген теміржол күзеті»
ЖШС Атырау филиалының директоры.

КҮЗЕТШІНІҢ ЖҮМЫСЫ ӨМІРІНЕ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАИП ӘКЕЛЕТІН ЖАҒДАЙМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БОЛҒАНДЫҚТАН ОЛАР ҚЫЗМЕТТІК ҚАРУМЕН, ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖӘНЕ АРНАЙЫ КИІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН. ФИЛИАЛ ЖАҒДАЙЫ ЖЫЛ САЙЫН ЖАҚСАРЫП, ТЕХНИКАМЕН ЖАБДЫҚТАЛЫП КЕЛЕДІ. ЖАЛАҚЫ УАҚИТТЫЛЫ БЕРІЛЕДІ, ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ САҚТАЛҒАН. ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУҒА МҮДДЕЛІМІЗ.

Сервис ЖОЛАУШЫ ИГІЛІГІ ҮШІН...

«Жолаушылар тасымалы» АҚ қолданыстағы жолаушы вагондары паркін жаңартуда жыл сайын жаңа қадамдар жасауда. 2010-2022 жылдар аралығында компания тарапынан 1224 вагон сатып алынса, оның 676 бірлігін Тальго вагондары құрайды. Бұл өз кезегінде парктің орташа тозу деңгейін 73%-дан 46%-ға дейін төмендетті.

Нұрбек БЕКЕН,
Астана

Бүгінде Ұлттық тасымалдаушының жолаушылар вагон паркінде 2106 бірлікке жуық вагон бар, соның 32%-ның «жас» шамасы 20 жылдан жоғары. Компания паркті жаңарту жұмыстарын жалғастыруда. Мәселен, 2030 жылға дейін Stadler технологиясы бойынша 537 жоғары технологиялық жолаушылар вагонын сатып алу жоспарланған. Ал биыл жолаушылар вагон паркі 50 заманауи вагонмен толығатын болса, келесі жылы 100 вагон келіп қосылақ.

Ұлттық тасымалдаушының жалпы паркіндегі вагондардың 76%-ы ауа баптау жүйесімен жабдықталған. Вагондар паркінің 24%-ында, яғни 515 вагонда ауа баптағыш дайындаушы зауыттық конструкциясы бойынша қарастырылған. Мұндай вагондарда – авариялық жағдайларда ашылатын және Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілдімдерін

тасымалдау ережелерінің және Техникалық пайдалану ережелерінің барлық талаптарына сәйкес келетін авариялық купелерден басқа барлық купелерде терезе ашу мүмкіндігі бар. Ауа баптау жүйесі жоқ вагондарға келсе, олар алдағы жылдары қызмет ету мерзімінің тап қалуына сәйкес алып тасталынақ.

Әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша жол жүру тарифі инфляция деңгейінен төмен – 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 7%-ке ұлғайды. Теміржол билеттеріне сұраныс жаз маусымында және мереке күндері байқалады. «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарда орындар босаған жағдайда жолаушыларды бос орындармен қамтамасыз ету мақсатында билет.railways.kz сайтында клиентке брондалған орындар фактісі туралы СМС жіберуді растай отырып, кезектілік тәртібімен билеттерді сатып алуға мүмкіндік беретін «Құту парағы» қызметін енгізді. Биыл жыл басынан бері «Құту парағы» қызметі арқылы 198 мың өтінім келіп түсіп,

69 мың жолаушы аталған қызмет көмегіне жүгіне отырып билет сатып алған.

Сонымен қатар ұлттық тасымалдаушы 15-25 жас аралығындағы жолаушыларына «Жастар» дисконттық картасын ұсынып отыр. Бұл карта жастарға қала маңы қатынасындағы пойыздарға 25% көлемінде жеңілдікпен жүруге мүмкіндік береді.

Ертеректе «Жастар» дисконттық картасының жеңілдігі Алматы 2 – Орал, Алматы – Петропавл, Алматы 2 – Маңғыстау, Атырау – Алматы 2, Нұрлы жол Астана станциясынан Шымкент бағытындағы коммерциялық пойыздарға таратылған болатын. Енді дисконттық карта жеңілдігі пилоттық режимде қала маңына қатынастын пойыздарға 2023 жылдың 1 қыркүйегі мен 31 желтоқсаны аралығында қолданыста болады.

Қазақстанда «Жолаушылар тасымалы» АҚ-дан басқа тағы 13 жеке тасымалдаушы теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау қызметін көрсетеді.

СТРАТЕГИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО С МИРОВЫМ ГИГАНТОМ

Сотрудничество Казахстана и Объединенных Арабских Эмиратов в области транспорта, энергетики и информационных технологий обсудили в Абу-Даби. Делегация Казахстана, возглавляемая управляющим Международного финансового центра «Астана» Ренатом Бектуровым, провела встречу с министром энергетики и инфраструктуры ОАЭ, а также с руководством Абу-Даби Порты.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Стороны в том числе обсудили перспективные инвестиционные проекты в сфере транспорта и логистики. Особое внимание уделено развитию портовой инфраструктуры в Актау, где уже активно участвуют ОАЭ. Председатель правления фонда «Самрук-Қазына» подчеркнул активное развитие транспортного потенциала Казахстана, а также стремление разнообразить логистические маршруты.

– Глава государства отметил большой транзитный потенциал нашей страны и отметил важность развития потенциала. В данном направлении мы встретились с компанией «Абу-Даби Порт», которая заинтересована в транзитном железнодорожном потенциале. Заинтересованы в портовой структуре, которую мы совместно намерены развивать, – отметил председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов.

К слову, Abu Dhabi Ports – компания мирового уровня, имеющая высокие компетенции в логистической сфере, портовой инфраструктуре, а также морских перевозках. Такое сотрудничество позволит оптимизировать логистические цепочки благодаря совместным усилиям.

Ранее глава фонда «Самрук-Қазына» встретился с министром энергетики и инфраструктуры ОАЭ. Подробнее о прошедших переговорах с господином Сухейлом Аль Мазруи Нурлан Жакупов написал на своей

личной странице в Инстаграме: «Встретился сегодня в Абу-Даби с министром энергетики и инфраструктуры ОАЭ Сухейлом Аль-Мазруи. Выразили друг другу доверие и поддержку в вопросах сотрудничества. Министр особо отметил важность визита Президента Казахстана в Объединенные Арабские Эмираты в январе этого года. Тогда были достигнуты ключевые договоренности по многим направлениям. В том числе в секторах возобновляемых источников энергии, транспорта и логистики. Мы обсудили с министром наши проекты с эмиратскими компаниями Masdar, ADP group, о потенциальном сотрудничестве с G42. У партнерства с каждой из этих компаний – безусловных лидеров на рынке – большие перспективы».

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ
18,7 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КНР С НАЧАЛА 2023 ГОДА

ПРОДАЖИ ЭЛЕКТРОННЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ БИЛЕТОВ ВЫРОСЛИ ДО

76%

ЗА 8 МЕСЯЦЕВ ЭТОГО ГОДА

БОЛЕЕ
21 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО ВАГОНАМИ АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ЗА ИЮЛЬ-АВГУСТ

СТАНЬ ЧАСТЬЮ НАШЕЙ КОМАНДЫ

РЕГИСТРАЦИЯ
Зарегистрируйтесь на сайте job.railways.kz

ОТКЛИК
Откликнитесь на интересующую Вас вакансию

АНАЛИЗ РЕЗЮМЕ
Компания рассмотрит Ваше резюме на соответствие квалификационным требованиям к вакансии

ТЕСТИРОВАНИЕ
Пройдите оценочные процедуры (при необходимости)

ИНТЕРВЬЮ
При успешном прохождении оценочных процедур Вас пригласят на собеседование для оценки профессиональных и личностных качеств кандидата

ПРИЕМ НА РАБОТУ
В случае успешного прохождения собеседования Вас пригласят на работу

РЕГИСТРИРУЙСЯ
НА JOB.RAILWAYS.KZ

КҮЗГІ БАЙҚАУ БАСТАЛАДЫ

Еділ ЕРМЕК,
Атырау



Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде келесі аптадан бастап күзгі комиссиялық байқау жұмыстары басталады. Арнайы құрылған комиссия Атыраудан бастап, Мақат, Құлсары, Ганюшкино, Бейнеуге дейін түгел сүзгіден өткізбек.



Тексеріс барысында әдеттегідей қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың, ғимараттардың жай-күйі, байланыс, электр құралдарының жағдайы, вагондардың жайы, темір жолдың қазіргі күйі, сондай-ақ теміржолшылардың білімі мен біліктілігі, әлеуметтік мәселелері, проблемалары да қаралады.

«Комиссия мамандарымен қамтылған 2023 жылғы тексеріс арнайы локомотив арқылы жүзеге асырылады. 11 қыркүйек-13 қазан аралығында бір ай уақытты қамтитын тексеріс ең әуелі Ганюшкино – Д.Нұрпейісова телімі бойынша жүргізіледі. Ганюшкино – Исатай, Исатай – Қызылжар телімдеріндегі жол, сигнализация, энергиямен қамту дистанциялары, вагон, локомотив деполары, вокзал ғимараты, т.б. қаралады. Содан кейін Махамбет, Атырау, Ақжайық, Теңдік станцияларына тоқтап, сол жерлерде тексерумен қатар талқылау жұмыстары да жүргізіледі. Ақырында Мақат – Құлсары, Мақат – Сағыз телімдерінен басталып, Құлсары – Бейнеу, Бейнеу – Атырау аралығындағы нысандар қаралады», – дейді Атырау жүк тасымалы өндірістік-техникалық бөлімінің басшысы Әзиз Айжарықов.

Жалпы, биылғы жылдың 8 айында пойыз және маневрлік жұмыстарда өңірде өндірістік жарақат алу жағдайы орын алған жоқ. Бөлімшеде пайдаланымын көрсеткіштерін орындау бойынша нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде.

Суретті түсірген автор

ҮШ АЙДА – 21 МЛН ТОННА

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



Биылғы жаз маусымының үш айында «Қазтеміртранс» АҚ вагондарымен 21,6 млн тоннадан астам жүк тасымалданған.

Соның ішінде Қазақстан ішіне жөнелтілгені 20,1 млн тонна болса, 1,5 млн тонна жүк экспортталған. Бүгінгі таңда алдағы қыс маусымына дайындық шеңберінде қатты отын тасымалы қызған шақ. Осыған орай, ҚТТ вагон паркпен Жылу электр орталықтары мен коммуналық-тұрмыстық қажеттіліктерге бағытталған 12 млн тоннадан астам көмір тасымалданған. Ал еліміздің батыс өңіріне ҚТТ вагондарымен мемлекеттік деңгейдегі автожолдарды салуға және қайта құрылымдауға 1 млн тоннадан астам шағыл тас тасымалданған.

Жалпы ҚТЖ-ның жүк вагондары паркінің негізгі операторы болып табылатын «Қазтеміртранс» АҚ вагондарымен көп жағдайда көмір, астық, ұн және тартылған ұн өнімдері, кен, минералды тыңайтқыштар, цемент сияқты үйінді жүктер тасымалданып отыр.

МАҚСАТ – ШАҒЫН ПАРКПЕН КӨП ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ

Семейлік теміржолшылар жүк тасымалының жаңа кезеңіне аяқ басты. Қыркүйек айының басталуымен бірге көмір тасымалы күрт қарқын алып, жүк тиеу, түсіру жұмыстарымен қатар вагон айналымын реттеу сынды жауапты шаралар күн тақырыбына шықты.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл реттегі нөмірі бірінші мәселе – вагон айналымын жақсартып, шағын паркпен көп мөлшердегі жүк тасымалдау. Осы орайда бөлімшеге қарасты барлық тораптық жүк станциялары өткен айдан бастап жаңа тәртіпке бейімделе бастаған. Соның аясында бөлімшенің логистика саласының мамандары көмірге тапсырыс беруші клиенттермен жұмыс жүргізіп, болуы ықтимал проблемалардың алдын алуда.

Мәселен, көмір тасымалындағы басты келеңсіздік – вагондардың тұйықтарда ұзақ уақытқа бөтелуі. Бұл клиенттер үшін әр минутқа салынған айппұл қаржылай шығын әкелсе, сала мамандары үшін станция басында вагондардың жиналып қалуы өндіріс барысында өте күрделі жағдай қалыптастырады. Ал тәжірибе көрсеткендей, көмір тұйықтарындағы вагонның бөтелуі көп жағдайда сапасыз отынға байланысты екен. Күлдей ұсақ көмір мен табиғи тас аралас көмір көп жағдайда түсіру барысын бөгейді. Ендігі

аралықта мұндай жағдайда клиент көмір өндірушілерге емес, бірден теміржолшыларға хабар беріп, қатты отын тиеуді бірден тоқтата алады. Бұл өз кезегінде күрделі мәселелердің алдын алады.

Осы мақсатта қазіргі таңда бөлімше бойынша арнайы қауырт желі жұмыс істеуде. Әріптестік қарым-қатынас орнатқан мекемелер мен ұйымдар тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істейтін Колл-Орталыққа хабарласа алады. Мұның сыртында барлық клиенттер бөлімше басшысының WhatsApp нөміріне ұсынғы немесе арыз-шағым жазып, тіпті дәлел ретінде фото-бейне жазбалар да жолдай алады. Соның аясында жүк жеткізу мәселесінде логистика саласы мамандары тарапынан нақты іс-шаралар дер кезінде қабылданатын болады.

Аталмыш шаралардың барлығы қазірдің өзінде жемісін беруде. Мәселен, Семей станциясына қарасты «72 квартал» көмір тұйығында жылдағыдай қарбалас жоқ. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік теміржолшылармен тығыз байланыс орнатқан. Нәтижесінде жеткізіліп жатқан көмір де сапалы, вагондар да жылдам босатылып жөнелтіледі. Сатып

алушы қарапайым халық та разы. Келісімді жұмыстардың нәтижесінде бұрынғыдай ұзын-сонар кезек те, жүйкесі сыр берген жүк көлігінің жүргізушілері арасында жаға жыртқысы да жоқ.

Сонымен қатар тұрғындар телефон арқылы тапсырыс беріп, ең ұзағанда бір аптадан соң үйлеріне қыстық отын түсіре алады. Ал өткен жылдары ең кемі екі ай тосу керек болатын. Айта кетерлігі, мұндай теміржол тұйықтарында үйге дейін жеткізіп беру шығынын қоса алғанда ең арзан бағадағы, яғни тоннасы небары 14 000 теңгені құрайтын көмір саудаланады. Сол себепті жеке сектор тұрғындары тарапынан сұраныс әрдайым өте жоғары.

Логистика және жүк тасымалы бөлімі мамандарының айтуынша, қазіргі таңда қатты отын тасымалы тәулік санап артып келеді. Тек өткен аптаның ішінде жалпы көлемі 151 742 тонна көмір тасымалданғаны. Бұл көрсеткіш, сөз жоқ, әлі де еселеп өсетіні анық. Оған барлық жағдай жасалған. Атқарылып жатқан жұмыс барысы бөлімше басшысының назарында тұр.

Суретті түсірген автор

КЕШЕНДІ ЖОСПАР ҚАМТИТЫН ШАРАЛАР



ЖОБА

«ҚТЖ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ тасымалданатын жүктердің сақталымын қамтамасыз етіп, жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдап алушылардың сенімінен шығуға мүдделі. Осыған орай Компания және оның еншілес ұйымдарымен және тиісті құзырлы органдармен бірлесе атқаратын іс-шараларды қамтитын Кешенді жоспар бар.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

2023-2024 жылдары теміржол көлігі нысандарында тасымалданатын жүктердің сақталымын қамтамасыз етуге бағытталған Кешенді жоспарда қарастырылып отырған іс-шараның бірі – станциялар, разъездер, жол аралықтарына іргелес аумақтарда қалың бұталарды, қураған ағаштарды, қамыс және тағы басқа да шөп-шаламдарды жою шараларын уақытылы жүргізу, сондай-ақ белгіленбеген жерлерде автомобиль көлігінің темір жолға шығуына жол бермейтін кедергілер орнату.

Осы ретте темір жол учаскелеріндегі қорғаныш екпе ағаштарына ағымдық күтім жасау, өрт қаупі жиі болатын кезеңде инфрақұрылым объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өртке қарсы іс-шараларды жол дистанцияларымен бірге «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Қорғағыш екпе ағаштар дистанциясының үш филиалы жүзеге асырады. Өрбір дистанцияның қызмет шекарасы магистральдық желі дирекцияларының шеңберінде белгіленген. Қорғағыш екпе ағаштар дистанциясының үш филиалы қызмет көрсететін темір жолдардың жалпы ұзындығы 11 600 шақырымнан асады.

Магистральдық желі дирекциясы алға тартқан мәліметке сүйенсек, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Мемлекеттік

орман қорының темір жол учаскесіндегі қорғаныш екпелері 63 207 га құрайды.

«Тасымалданатын жүктердің сақталымын қамтамасыз ету Қорғағыш екпе ағаштар дистанцияларының жұмысына да тікелей байланысты. Биыл қорғаныш екпе ағаштарды күтіп-баптау, өртке қарсы жол аралықтарын жырту, қоқыстан тазарту және құммен күресу бойынша жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілуде. Мәселен, өткен жеті ай ішінде 400 гектардан астам жер төсемі қоқыс, шөп-шаламнан тазартылып, қураған ағашты кесу 270 гектардан астам аумақта жүзеге асырылды. Сонымен қатар екпе ағаштарды және темір жолға іргелес жатқан жер төсемдерін өртке қарсы жұқартып, жырту жұмыстары жоспарға сай орындалды, – дейді дирекция мамандары.

Кешенді жоспарда қамтылған келесі бір пункт, автокөліктердің теміржол рельстеріне рұқсатсыз өтуіне жол бермеу үшін жол сызығында қоршаулар салуды жалғастыруға бағытталған. Магистральдық желі дирекциясы бойынша адамдардың жолға шығуының алдын алу үшін қоршаулар орнату Компанияның қаржылық мүмкіндігіне қарай жоспарлы түрде кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда.

Мамандар сөзіне сүйенсек, қоршау салу жоспары қозғалыс қауіпсіздігін бұзу фактілерін, жылжымалы құрамның бөгде адамдарды соғып кету жағдайларын, темір жолдардың елді мекендерге жақындығын,

тұрғын үйлердің, станцияның екі жағында оқу орындарының орналасуын, темір жол арқылы өтетін адамдардың қарқындылығын ескере отырып жасалады екен. Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы 208 999 шақырымды құрайтын 26 станция мен 2 жол аралығы қоршалған.

2023 жылға арналған Сатып алу жоспарына жалпы ұзындығы 103,857 шақырымды құрайтын «Станция жолдарына және адамдар шығатын жердегі станцияларға жақындау учаскелерге қоршаулар салу» жобасы бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы түзету жобасы енгізілген.

Сонымен қатар Дирекцияда жолға мал шығуының алдын алу мақсатында жыл сайын сымнан тартылған қоршауларды орнату және жөндеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Бүгінде еліміздегі 21120,3 км темір жолдың 9581 шақырымнан астамына малға тосқауыл болатын қоршаулар салынған. Ал 7 мыңнан астам шақырым екіпке ағаштары, қар ұстайтын қоршаулар, жол бойындағы елді мекен, тағы басқалар есебінен қоршау орнатуды қажет етпей отыр. Десек те, 2021 жылдан бері малға қарсы қоршаулар құрылысы 1000 шақырымға дейін артқаны айтар едік. Мәселен, биылдың өзінде жол дистанцияларының өз күшімен 1000 км көлемінде сымнан қоршау салу жүзеге 446 км қоршауды жөндеп қалпына келтіру іс-шарасы қарастырылған. Қазір бұл жұмыстар жоспарлы түрде орындалып жатыр.

САҒЫЗДА ЖҮК КӨЛЕМІ АРТҚАН



СТАНИЯ ТЫНЫСЫ

Темір жол көптеген елді мекендерде жергілікті халықтың негізгі жұмыс көзі болуымен қатар, бірден-бір көліктік тасымал құралы да болып отыр. Атыраудың Қызылқоға ауданындағы Сағыз станциясы – соның бірі. Мақаттан – 140, Атырау қаласынан 300 шақырым жерде орналасқан станцияда жергілікті тұрғындар үшін теміржол – негізгі күнкөріс көзі.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бүгінгі күнде Сағыз станциясының теміржол аймағында әр құрылымнан құралған 250-ден аса жұмысшылар еңбек етеді. Ауданға келетін жүктің 80 пайызы темір жол арқылы Сағыз бекетінен тасымалданады. Теміржолшыларға бұрын салалық басшылық тарапынан әлеуметтік көмек ретінде станция басындағы әртүрлі меке-

ме жұмысшыларына вагонмен көмір әкелініп, бөлініп берілетін. 2011 жылы ауданға көгілдір отын тартылып, газ желісі жүргізілгені бұрынғыдай қара күйе боп көмір жағу тоқтатылып, тұрмыс көп жеңілдеп қалды.

Станция бастығының орынбасары Серік Сұлтановтың айтуынша, тәулігіне орташа есеппен 30 жүд жүк пойызы өтіп, жүк айналым көлемі жылдан жылға артып келеді. Орташа тәуліктік 20-30



пойыз, 175 вагон қабылданады. Мәселен, 2023 жылдың 8 айында Сағыз станциясы бойынша 6188 жүк пойызы қабылданып, оның

құрамында 344 682 вагон болған, ол тәулігіне 1413 вагон. Сондай-ақ салмағы 1147 тонна болатын 27 вагон жүк тиелген. Жүк түсіру

жоспары бойынша 3486 вагон түсірілген, оның ішінде «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 1423 вагон, себебі ол бағдарламаға сәйкес ауданда қазір автожолдар құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Соның ішінде Сағыз-Миалы-Индер тас жолы салынуда. Соған қажетті шөбі, топырақ, басқа да құрылыс материалдары Сағыз станциясында түсіріліп, тасымалдануда.

Станция арқылы 8 жүд жолаушылар пойызы да өтеді. Атап айтқанда Атырау – Астана, Атырау – Алматы, Атырау – Маңғыстау, Атырау – Ақтөбе, Маңғыстау – Алматы, Маңғыстау – Астана, Ақтөбе – Маңғыстау және Тальго пойызы жүреді. Орташа тәуліктік 833 вагон қабылданып, 8 айда 25674 жолаушы тасымалданған. Бұл ҚТЖ-ға қарасты кассалардағы сатылған билет саны, ал одан бөлек жеке кассаларды қосқанда жолаушы саны әлдеқайда артқаны білінеді. Сағыз елді мекенінде бүгінде 8 мыңдай халық тұрады.

Станцияда 8 негізгі жол, 4 тұйық бар. «Станция басында түнгі

мезгілде де жарық жарқырап тұр. Барлығы 28 портал болса, оларда 300 ваттан бастап 60-қа дейінгі 155 жарықдиодты лампалар қондырылған. Жаяу жүргіншілер көпірі салынғаны да теміржолдың қос қапталындағы тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз болды. Көпірдің төбесі жабық, жаңбыр өтпейді. Станциядағы 8 жолдың бәріне жарық жеткілікті», – дейді Серік Сұлтанов.

Орман шаруашылығы мамандары өз техникаларымен темір жолды жазда құмнан, қыста қардан қорғау жұмыстарын жүргізеді екен. Техникалық қажеттілік үшін Мұқар, Жантерек, Жамансор станцияларына 60 тонналық цистернамен су да жеткізіліп беріп отырады.

Станцияда бүгінде 40-қа жуық адам жұмыс істейді, дені станция кезекшілері, пойыз құрастырушылар мен тауар кассирлері, құжат өңдеушілер, вагондарды тізімге алушы операторлар, жүк қабылдап-жөнелтушілер, т.т. қозғалыс саласының мамандары.

Суреттерді түсірген автор

ОБЪЕМ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК РАСТЕТ



TMTM

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

На сегодня ТМТМ (международное название коридора – Средний коридор), связывающий Китай и страны Центральной Азии с Европой через Каспий, страны Южного Кавказа и Турцию, продолжает привлекать внимание все большего количества стран.

В нынешней геополитической обстановке ТМТМ стал одной из ключевых точек роста. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев назвал этот маршрут «основным связующим

звеном», которое способствует более полной реализации транзитных и экспортных возможностей страны.

Мировые эксперты логистики также отмечают возросшую роль маршрута в современных геополитических реалиях. Реагируя на глобальные тренды, ТМТМ использует сейчас дополнительный импульс развития. Большой поток грузов переориентирован на Транскаспийский международный транспортный маршрут через Китай, Казахстан, акваторию Каспийского моря, Азербайджан, Грузию

и далее в Турцию и страны Европы.

Раскрытие потенциала Транскаспийского международного транспортного маршрута, или Middle Corridor, для АО «НК «КТЖ» и страны в целом стало главным транспортным вектором. За последние несколько лет проделана большая работа по укреплению и развитию маршрута, в свете меняющейся геополитической ситуации нагрузка на него значительно возросла. С каждым годом растет и уровень взаимопонимания, сложившийся среди участников проекта, что дает свои положительные результаты.

В РАМКАХ ПРОГРАММЫ РЕМЕДИАЦИИ




ЭКОЛОГИЯ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По информации начальника службы производственной безопасности и экологии филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Семейское отделение грузовых перевозок» Сакена Жумадилова, 31 июля 2023 года был составлен договор между ТОО «Батискаф» и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» по подъему шести вагонов со дна реки Иртыш в районе железнодорожного моста.

– Согласно утвержденному графику, начало работ по подъему шести вагонов и остатков груза, который не смыло водой, – это 1 сентября. На сегодня подрядчики всю необходимую технику доставляют на место схода вагонов. 4 сентября был пробный подъем – со дна подняли колесную пару, грузовую тележку вагона. В результате выявлены некоторые затруднения. Подрядчики исправят все эти нюансы и дальше будут работать, – объяснил Сакен Жумадилов. – Пока масштабные работы по подъему не начались.



Вся эта работа, по его словам, проводится в рамках программы ремедиации по ликвидации последствий схода вагонов в реку Иртыш, согласованной с департаментом экологии по Восточно-Казахстанской

области. Его руководитель Данияр Алиев ранее озвучивал информацию, что по результатам исследования проб из реки на месте падения вагонов не было превышений ПДК загрязняющих веществ.

– Однако, согласно новому Экологическому кодексу РК, мы обязаны возместить ущерб, который нанесен природе, – объяснил Сакен Жумадилов. – Сразу после падения вагонов в реку была составлена программа ремедиации, а в начале года к ней сделали дополнение, в котором указаны сроки по подъему вагонов и остатка груза. В этом году ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» нашла средства в размере больше 350 миллионов тенге для этих целей и заключило договор с подрядчиком.

